

УДК 327, 378

Д. Қуанышев,
*Чрезвычайный и Полномочный Посол
Республики Казахстан в Республике Индия*

САПАЛЫ ҰЛТТЫҚ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ КАДРЛАРДЫ ДАЙЫНДАУ – ДӘЙЕКТІ СЫРТҚЫ САЯСАТ ЖҮРГІЗУДІҢ КЕПІЛІ

Үндістанның Сыртқы істер министрлігі қызметі 1783 жылы 13 қыркүйекте Ұлыбритания колониясы кезеңінде Үндістанның сыртқы істер департаменті деген атаумен қаланған болатын. 1946 жылы 9 қазанда аталған Департамент қаржы, қорғаныс және ішкі істердің ортақ құрылымынан бөлек шығып Сыртқы істер қызметін түзді. 1947 жылы 15 тамызда Үндістан азаттық алғаннан соң ол Сыртқы істер және Британия қоғамдастығымен қарым-қатынастары министрлігі (Ministry of External Affairs and Commonwealth Relations) болып бекітілді. Алайда, 1948 жылдан бастап министрлік атауындағы «Британия қоғамдастығымен» сөздері алынып тасталып, Сыртқы істер министрлігі (Ministry of External Affairs) болып ресми атауға ие болды.

ҰР СИМ-і елдегі барлық мемлекеттік органдардың жиынтығы болып табылатын Үндістанның Орталық азаматтық қызметі (Central Civil Services) құрылымына кіреді. Аталған мекеме жанынан құрылған Одақтық қоғамдық қызмет жұмысы комиссиясы (Union Public Service Commission) жылда үкімет органдарындағы бос орындарға жазба емтихан алу арқылы конкурс жариялап, үміткерлерді олардың емтихан бағаларына сәйкес министрлік пен ведомстволардағы лауазымдарға бөліп отырады. 28 жастан асқан азаматтар Үкімет органдарына қызметке тұруға хақы жоқ және олар емтиханға жіберілмейді (Осыған орай көптеген жастар өздерінің жасын кішірейтіп жаздыруға мәжбүр).

Сыртқы істер министрлігі құрылымына Орталық аппарат, шетелдегі дипломатиялық өкілдіктер, барлық штаттардағы паспорттық бөлімдер және Дипломатиялық қызмет институты кіреді. Дипломатиялық заң бойынша қызметкерлер саяси лауазым иелері – Министр (Minister), мемлекеттік министр (State Minister) және министрдің бірінші орынбасарынан (Foreign Secretary) бастап карьералық дипломаттар болып екіге бөлінеді (олардың саны тиесінше 618 және 3500 адам). Министр мен мемлекеттік министр ҰР Парламент мүшелері болып табылады.

Сыртқы істер министрлігінде штаттық кесте бойынша төмендегі лауазымдар бар: Minister (Салман Хуршид), State Minister (Е.Ахмед, П.Каур, мемлекеттік министр), Foreign Secretary (Н.Пао, 1-ші орынбасары), Secretary (министрдің орынбасары), Additional Secretary (министрдің орынбасары/ерекше тапсырмадағы елші), Joint Secretary (Департамент директоры), Director (директордың орынбасары), Deputy Secretary (кеңесші/1 хатшы), Under Secretary (2/3 хатшы). ҰР СИМ-гі Орталық аппараты құрылымында 19 ауқымдық және 32 арнайы бөлімдер бар.

СИМ-гі Joint Secretary Департамент директоры деңгейіндегі лауазым болғанымен, ол шағын бөлімді басқарады және ол құрылымда департамент немесе басқарма болмайды. Күнделікті істе Joint Secretary – Foreign Secretary, Secretary, Additional Secretary лауазымындағыларға жауапты. Қазіргі кезде ҰР СИМ 5 Secretary, 7 Additional Secretary, 47 Joint Secretary жұмыс атқаруда. Аталған құрылымда негізгі рөл Joint Secretary лауазымында болып отыр, өйткені жоғары лауазым көптеген сұрақтарды шешуге қолғабыс болып табылса, бөлімдегі жұмыстардың шағындығы (ауқымдық бөлімдерде істері 2,3 мемлекеттен аспайды) оларды барлық мәселелердің бүгешүгесіне дейін білуге мүмкіндік тудырады.

Жоғары басшылық құрылымына Foreign Secretary, Secretary, Additional Secretary лауазымындағылар кіреді және Foreign Secretary лауазымы ең жоғары дипломатиялық деңгей болып саналады. Secretary, Additional Secretary орта есеппен 5 бөлімге дейін басшылық жасайтын болса, өзге бөлімдерге Foreign Secretary жауапты болмақ. Сонымен бірге, оған Ресей, Ұлыбритания, Франция, Германия, АҚШ секілді алпауыт мемлекеттермен қарым-қатынас жасаудың жауапкершілігі жүктелген.

СИМ құрылымын талдау арқылы Үндістанның көбіне-көп өздерімен шекаралас мемлекеттермен ынтымақтастықты дамытуға ынталы екендігі білінеді. Мысалы, Америка елдеріне 2 бөлім (Америка, Латын Америкасы мен Кариб елдері) арналған болса, Пәкстан, Бангладеш, Иранға арнайы, ал Бангладеш, Шри-Ланка мен Мальдивтерге бөлек бөлім ашылған. Сонымен қатар, Ираннан өзге елдер кіретін Өңіраралық ынтымақтастықтың Оңтүстік-Азиялық ассоциациясы атты халықаралық ұйыммен жұмыс жүргізетін ұйымға арналған бөлім қызмет етеді.

Үндістан сыртқы істер ведомствосының алдында БҰҰ Қауіпсіздік кеңесі мүшелігіне өту міндеті тұрғандықтан осы ұйыммен жұмыс атқаратын арнайы – саяси және экономикалық бөлімдер бар. Имидждік істерді атқаруға жұмылдыратын 2 бөлім жұмыс атқаруда, оның біреуі Үндістанның шетелдегі елшіліктерімен жұмыс істесе, екіншісі жұмыстарын елдің мемлекеттік органдарымен және шетелдің Үндістандағы тіркелген БАҚ өкілдерімен жүргізуде. Үндістанның шетелдегі диаспорасымен (шамамен 30 млн. адам) жұмыс істеуге арналған тиісті бөлім қызмет етеді. Диаспораның ел экономикасына қаражат аударуы жыл сайын өсіп келеді.

Министрлікте әртүрлі мақсаттарға сәйкес бөлім атаулары немесе адам саны өзгеріп тұруымен қатар дипломаттардың карьералық өсу сатылары белгіленген. Жұмысқа қабылданған қызметкер Дипломатиялық қызмет институтында жылдық машықтанудан өтіп, Орталықта 6–8 ай жұмыс істейді. Содан ол 1–3 жылдық шетел тілін үйрену мақсатында шетелге жіберіледі және қайтіп келгеннен соң Орталық аппаратта 2 жыл қызмет етеді. Елшілікке шығу алдында қызметкер бара жатқан елдің тілінде емтихан тапсырады.

Елшіліктегі жұмыс мезгілі 3 жылды қамтиды және ол тағы да 3 жылға дейін өзінің қалуын созуға хақысы бар. Бір елшіліктен екіншіге ауысуға тыйым салынған, өйткені Орталыққа қайтқан дипломат онда 2–2.5 жыл еңбек етуі керек, тек содан кейін шетелге шығуға хақысы бар.

Дипломаттардың карьералық өсуінің негізгі өлшемі ол оның CIM құрылығындағы жылдар есебіне байланысты болмақ. Мысалы, 5 жыл ішінде ол Under Secretary (Елшілікте 2/3 хатшы), 9 жылда Deputy Secretary (кеңесші/1 хатшы), 13 жылда Director (кеңесші) лауазымына тағайындалады.

ҮР CIM-де 21–22 жыл қызмет еткен дипломат қана Joint Secretary лауазымына тағайындалуға мүмкіндігі бар және ол Елшілікке жұмысқа шыққан жағдайда өзінің кәсіби жұмысына қарай Елші, Кеңесші-уәкіл және бас консул болып қызметке кіреді. Еңбек өтілі 22 жыл құраған қызметкерлер Foreign Secretary, Secretary, Additional Secretary лауазымындарына тағайындалады. ҮР CIM министрі Министрлер кабинеті, ал мемлекеттік министрлер Министрлер кеңесі мүшелері болып табылады.

Қазіргі кезде Үндістанның Африкада 26, Америкада 17, Азияда 44, Океанияда 4 елшіліктері бар.

Дипломаттық қызметкер 60 жасқа келгенде зейнеткерлікке шығады және оның айлық зейнет ақысы соңғы лауазымына байланысты 1000-1500 АҚШ долл. құрайды. Сонымен бірге, бір уақытта 40-тан 95 мың АҚШ долл. материалдық көмек беріледі. Зейнеткер қайтыс болған жағдайда, оның айлық ақысының 50%-ын әйелі алып тұратын болады.